

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
А. Қ. Аймағамбетовке**

2021 жылғы 26 мамырда  
жарияланды

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Асхат Қанатұлы!

Балалардың оқу, жазу дағдылары мен ойлау қабілеті «Әліппе» және «Ана тілі» оқулығы арқылы қалыптасады. Бастауышта сауат ашудың әліппе кезеңін дұрыс қалыптастырып, ғылыми негізде жетілдіру аса маңызды.

Кезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қолындағы әсем кітап «Әліппен» – аяулы ана тілінің мөлдір бастауы, білім шыңына жол ашар ақылшын», - деген сөзі оқулықтың бірінші бетіне ойып жазылған еді. Біз білімнің іргетасы саналатын сол «Әліппеден» еш негізсіз бас тарттық. Арадағы «Әліппесіз» өткен жылдар сол қадамның үлкен қателік болғанын анық көрсетті. Оқу саласы онсыз да оңбай тұрған еді, 2019 жылдың соңында Экономикалық Үлгілік және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (ЕА) білім беру саласындағы үш халықаралық салыстырмалы зерттеудің нәтижелерін жариялады. Қазақстан PIAAC (Ересек халықтың оқу, математикалық сауаттылығын және АКТ дағдыларын халықаралық бағалау бағдарламасы), PISA (15 жастағы білім алушылардың математикалық, жаратылыстану ғылыми және оқу сауаттылық деңгейін бағалау бағдарламасы), ICILS (8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығын халықаралық зерттеу) ұйымдарының зерттеуі бойынша үшеуінде де аутсайдер болды.

Осы орайда, ұлттық тәрбиеге баса назар аударды міндеттеген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы және кәсіби оқулық әзірлеуді қатаң тапсырған. Өзіңіз бас болып жаңа әліппе А.Байтұрсынұлының әдістемесі

негізінде әзірленетініне бүкіл халықты сендірдіңіз. Және бүкіл қоғам күтіп отырған жаңа «Әліппе» үшін ата-аналар да, бастауыш сынып оқушылары да айрықша алаңдаулы. Биыл 400 мыңға жуық алты жасар бала мектеп табалдырығын аттамақ. Бүгінде сол қоғам бақылауындағы оқулықтардың жай-күйі қалай? «Әліппе» әзірлеу жобасына қанша еңбек түсті? «Әліппе» мен «Ана тілін» кімдер және қалай жазып жатыр? Ашықтық пен бәсеке қай деңгейде? Қандай критерийлермен бағаланды? Оқулыққа тапсырыс беруші кім? Озық оқулықты анықтайтын министрлік жанынан құрылған арнайы сараптамалық комиссия қалай жасақталады? Қандай мамандардан құрылған? Бұл комиссияға баспалардың «бармақ басты, көз қысты» ықпалы жоқ па? Оқулық пен оқу-әдістемелік кешенінің жобасын әзірлеп, баспаға тапсыру жауапкершілігі неге тікелей министрліктің құзырында емес?». Бұл сауалдар басынан небір сынақты өткізген білім саласында әлі ашық күйде қалып отыр.

Жалпы, «Әліппемен» қатар енгізілетін басқа да жаңа оқулықтардың дайындығы мен сапасының жай-күйі туралы ата-аналар тарапынан сұрақ көп. Мәселен, 1-сыныпқа арналған оқулықтарда **өзара пәнаралық байланыс жоқ**. Әлі әріпті өтпей жатып, «Жаратылыстанудан» суретті мәтінге жалғауды қалай түсінуге болады? Оқи алмайтын бала суретте қандай сөз жазылып тұрғанын қайдан біледі? Тіпті, «Әліппе» оқулығын **бағалау критерийлері** өзге тілден аударылғандай әсер қалдырады. Сонымен қатар, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында **«Әліппе» пәні А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде латын графикасымен оқытылады** делінген. Бұл да балаларға аз салмақ болмайын деп тұр... Жалпы, «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтарының тағдыры әлеуметтік желідегі қолдан ұйымдастырылған дауыстар мен бес-алты жүз адамның басқан «лайк» арқылы лайық деп танылмау керек. Жас ұрпақтың санасына сәуле құятын оқулық сапасы – бірінші кезектегі ұлттық жауапкершілік.

### **Құрметті Асхат ҚАНАТҰЛЫ!**

Ел назарын аударған «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулығының маңыздылығын ескере отырып, сіздің назарыңызға мына жайттарды ұсынамыз: бірінші, озық деп танылған оқулықты **арнайы үкіметтік деңгейде кеңейтілген алқаның** (кәсіби мамандар, депутаттар, қоғам қайраткерлері, ақпарат құралдарының өкілдерінен құралған) **ашық талқысынан өткізу керек**.

Екінші, 1-сыныпты оқытатын мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытында жеделдетіп арнайы іс-шараларды қолға алу керек.

Үшінші, «Әліппеден» «Ана тіліне» өтетін кезеңдегі **бірізділік сабақтастығын терең игеру үшін** мұғалімдерге жүйелі түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

Төртінші, **базалық оқулықтарды әзірлеу, сараптамадан өткізу, басып шығару ісі, ұйымдастыру шараларын ашық өткізу жауапкершілігі Үкіметте немесе тікелей Білім және ғылым министрлігінің құзырында болу керек**.

Осы жайттарды назарыңызға сала отырып, заңнамада көрсетілген мерзімге сәйкес сауалымызға жазбаша түрде жан-жақты жауап беруіңізді сұраймыз!

Құрметпен,  
**«Nur Otan» партиясы**  
**фракциясының мүшелері,**  
**депутаттар**

**Ж.Әшімжанов**  
**Ж.Сүлейменова**

Орынд.: А. Канафина  
Тел.: 74-62-21